



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

правило, в самых великих людях сожительствовают величайшие достоинства и величайшие недостатки. Необходимость этих людей важна, это можно наблюдать на примере каждого из них: их государства крепились, расширялись, проводились реформы, менялись устои и они меняли время. Отсюда следует логичный вывод, что гарантом успешного развития является наличие того, кто обеспечит эту возможность. Ученые не смогут развиваться в полную силу, пока их будут ограничивать, художники не смогут писать шедевры, пока им дают краски, строители не смогут строить, пока им не дадут материалы, а в нашем обществе это обязанность того, кто взял бразды правления на себя.

Список использованной литературы

1. Гай Юлий Цезарь. Записки о Галльской.- с.288
2. Гай Юлий Цезарь. Записки о Гражданской войне.- с.232.
3. Тит Ливий. Война с Ганнибалом.- С.9-10.,с.419.
4. Утченко С. Л. Юлий Цезарь. - М.: Мысль, 1976. - С. 226 - 227.
5. Эйнхард. Жизнь Карла Великого. - с.24.
6. Сталин Иосиф Виссарионович // Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / под ред. А.М. Прохоров - 3-е изд. - М.: Советская энциклопедия, 1969.
7. Штайнерт М. Гитлер. / Пер. с фр. Е.Головиной.- М.: Этерна, 2010. - 672 с.
8. История индустриализации СССР 1926—1941 гг. Документы и материалы. / Под ред. М.П. Кима.

УДК 63.321.96.(576)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ - ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Сатқанбаева Ұлдана Нұрмағанбетқызы

ka_satkanbaeva.dana.@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С.Рыстына

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы 30 тамыз күні мемлекеттік мереке болып қабылданды, бастапқыда Француз Республикасының 5-ші Конституциясы бойынша үлгісі әзірленіп, мемлекеттік биліктің басқа салаларына теңдестірілген өкілеттіктерін президенттік басқару формасы бар мемлекеттік құрылымын қамтамасыз етті. Мемлекет басшысы Қазақстанның қалыптасу кезеңімен байланысты қиындықтарды еңсеру үшін «күшті президенттік вертикаль» қажет екенін атап өтті. Осылайша, жоғары саяси биліктің орталықтандырылуы мемлекеттік даму кезеңінің нақты жағдайларына толық сәйкес келетін қажетті шара болды.

Конституция - теориялық-әдістемелік және практикалық үкіметтің және қоғамды басшылық етеді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Конституциясы арқасында Қазақстан ішкі тұрақтылықты сақтап, қамтамасыз етіп, сенімді әлеуметтік база құрды. Конституция дегеніміз қоғамдық келісімшарт. Сондықтан қоғамды басқару үшін Конституция сол қоғамға сәйкес келуі керек [1].

Конституция - мемлекеттің Ата заңы, оның талаптары Мемлекет басшысынан бастап қарапайым адамдар арасындағы қарым - қатынастарды қамытып, реттеп отырады. Конституция - әр тұлға ол бойынша жауапты болатынын айқындайтын құжат екенін білу керек. Конституция - бұл тарихи әлеуметтік, заңдық құбылыс. Саяси құқықтық нысанда қоғамның экономикалық және рухани дамуын көрсетеді, сонымен қатар бұл үрдіс мемлекеттің демократиялық құқықтық дамуын анықтайды. Конституция жоғары биліктің, ынтымақтастықтың, келісімділіктің және еліміздің барлық заңдарының реттеліп

отыратындығының бірден-бір көзі. Ең алдымен Конституция Қазақстан Республикасының құқықтық егемендігін білдіреді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғарғы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі - халық деп есептейді [2].

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциялық дамуының тән ерекшелігі мемлекеттік билікті жүргізетін бүкіл саяси жүйені реформалау болып табылады. Қазақстан Республикасындағы демократиялық қоғамға өту процесінің өз ерекшеліктері бар. Қазақстан қоғамды тұрақсыздандыруға әкелетін саяси дағдарыстың қатерін еліміз өткергенін атап өту керек. Кейбір оң нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл Қазақстанның саяси жүйесі эволюциялық реформалау тәжірибесі арқасында екенін атап кету керек. Кез келген ел үшін Конституциялық реформа күрделі рәсім. Конституциялық реформа - бұл Мемлекет басшысының тұғыр ойының нәтижесі, Парламент депутаттарымен консультациялар, сарапшылар, азаматтық қоғам өкілдері, әлемдік тәжірибе мұқият зерделенді. Сонымен бірге әлемнің бірде-бір Конституциясын еліміз көшіріп алмаған, өйткені белгілі бір саяси жүйе бір елде табысты бола алады, екінші жағынан елде тиімсіз бола алады.

2017 жылдың 25 қаңтарында Мемлекет басшысы биліктің тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу туралы өтініш берді. Конституция мен заңдарға өзгерістер енгізілді. Біздің алдымызда билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта бөлу міндеті тұр. Мемлекеттің басқару жүйесін де жаңғыртатын кез келді -, деп Н.Назарбаев байлам жасады [3]. Халыққа жолдаған үндеудің ең бастысы ол, Президент Парламент пен Үкіметке бірқатар өкілеттіктерін береді. Мемлекеттің қалыптасуындағы үлкен қиындықтарды еңсеру кезінде «күшті президенттік вертикаль» қажет болды. «Күшті президенттік вертикаль» сол кезде өзін ақтады. Қазіргі барлық жетістіктеріміз осы жүйемен жүзеге асырылды. Бұл реформа басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Бүгінгі күні әлемде заманауи технологиялардың дамуы өте жылдам, сондықтан бізде уақыт талабына сай өзгеру қажет. Ұсынылған реформаның мәні билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді бөлінуі және тұтастай алғанда саяси жүйені демократияландыру болып табылады. Жауап нақты және дәйекті – еліміз демократиялық даму жолында.

Қазақстан да дүниежүзілік өзгерістен қалмай, оған сәйкес ілесу қажет. Өйткені Президент айтқандай, «заманның дидары өзгерді, біз де өзгеруіміз керек». Елбасы реформаның екі негізгі бағыт бойынша іске асатынын мәлімдеді. Біріншіден, экономикалық-әлеуметтік процестерді реттеудегі Президенттің біршама өкілеттіктері Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға берілсе, екіншіден, билік тармақтары арасындағы қатынастарды теңгерімді ету бағытында заң шығарушы органның рөлін күшейту. Яғни, Парламенттің бақылауы үлкен тетікке айналады. Бұл билікті халыққа беріп, оның мемлекеттік басқару ісіне тікелей араласуына зор мүмкіндік беретіні анық [4].

Елбасы өз үндеуінде еліміздегі орын алып отырған саяси ахуал жайлы айта келе, конституциялық реформа жасау арқылы бірқатар заңдарға өзгерістер енгізіп, Үкімет пен басқа да атқарушы органдар арасындағы өкілеттіктерді бөлу мәселерін қарастырады. Осы енгізілген өзгерістер арқылы Жаңа кезеңге, мемлекеттік басқару саласындағы жаңашылдыққа қадам басып, еліміздегі елеулі өзгерістерге бет бұрамыз деп сенеміз деп ой түйіндедік. Сондықтан да болып жатқан оң өзгерістерді дұрыс деп қабылдап, одан әрі тиімді қызмет ету үшін жан-жақты ат салысуымыз қажет деп пайымдаймыз [5].

Биліктің тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мақсаты:

- Алдағы уақытқа тұрақты саяси жүйенің қорын жасау қажет
- Үкіметтің және Парламенттің рөлін күшейту заманауи қауіп-қатерлерге қарсы әрекет етудің тиімді механизмін қамтамасыз етеді
- Әлемде мемлекеттік құрылымның әмбебап үлгісі жоқ, бәрі іздеуде. Ұсынылған реформа қазақстандық тәжірибе мен қажеттіліктерге негізделген.

Қандай мемлекеттік функциялар қайта бөлінеді?

Үкімет: Президенттің заңмен бекітілген әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеуге өкілеттіктерінің басым бөлігі үкіметке және басқа атқарушы органдарға берілетін

болады. Бұл салаға қатысты Үкімет, Министрліктер мен Әкімдіктер толығымен жауап беруі керек.

Парламент: Конституциялық деңгейде билік тармақтарының арасындағы қарым-қатынасты теңдестіру. Үкімет қалыптастыруда парламенттің рөлін күшейту, министрлер кабинетінің депутаттық корпусқа жауапкершілігін арттыру маңызды. Парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия үкіметтің қалыптасуына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Жергілікті атқарушы билік қатынастарында парламенттің рөлін күшейту.

Қазақстан Республикасы Президентінің құзырында қандай мәселелер сақталады?

Қорғаныс, сыртқы саясат, мемлекеттік басқару, Конституцияны қорғау және мемлекеттік билік тармақтары арасындағы тиімді жұмысын қамтамасыз етудің негізгі мәселелері.

Қазақстанға билікті қайта бөлу не береді?

Еліміз демократиялық даму жаққа қозғалысты жалғастырады. Реформа елдің келешек дамуына жауап береді және бес институционалдық реформаларға сәйкес келеді.

Мұндағы басты мақсат – демократиялық жолмен елдің дамуын жеделдету. Демократиялық жолмен реформа жасау еліміздің гүлденуіне алып келетін жаңа қадам әрі өздерін нағыз патриот санайтын ұрпақ қалыптастырады. Ел басқарудағы саяси жүйені нығайту, оны жетілдіру. Өйткені қоғам өзгерді, ал билік соған сәйкес болуы қажет. Өлемнің ешбір мемлекетінде елді басқару, қалыптастыру, қандай саяси жүйені пайдалану керектігіне байланысты заңдылық жоқ. Оны әр мемлекет өзінің тәжірибесіне қарай қалыптастырады. Біз де 26 жыл ішінде Елбасы бастауымен мол тәжірибе жинадық. Жаңа жүйе де қазақстандық тәжірибеге сүйене отырып, ұсынылған дүние. Осы тұрғыда, алдымызда үлкен саяси өзгерістердің болары анық [4]. Еліміздің Конституциясына енгізілген түзетулер біздің еліміздің саяси жүйесін түбегейлі жақсартты. Қазақстан Республикасының Президенті Конституциялық реформалары мен бастамаларын іске асыруы өзара байланысты. Конституцияға енгізілген түзетулер басқа барлық ұсыныстардың логикасында бағалануы керек. Бұл демократияны нығайту мен мемлекеттің күшеюіне тағы Қазақстанның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына қосымша саяси жағдайларды жасау бойынша біртұтас шаралардың жиынтығы. Мемлекет басшысының жариялаған реформалары мен бастамалары біздің биліктің барлық тармақтарын одан әрі дамытуға, нығайтуға, жүйелі жұмысына ықпал ететін болады. Бұл жаңа мемлекет, жаңа экономика және жаңа ел құруға мүмкіндік береді. Елімізге енгізілген реформалар біздің мемлекетіміздің жаңғыруына серпін беретініне сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Репозиторий СКГУ. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: <http://repository.nkzu.kz>
2. Конституция - Қазақстан Республикасының берік тұғыры. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: http://www.inform.kz/kz/konstituciya-kazakstan-respublikasynyn-berik-tugyru_a2194473
3. Назарбаев разъяснил суть реформы по перераспределению власти. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: http://www.inform.kz/ru/nazarbaev-raz-yasnil-sut-reformy-po-pereraspredeleniyu-vlasti_a2992761
4. Конституциялық реформалар бағдарламасы бастау алды [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://aikyn.kz/2017/01/27/1992.html>
5. Қоғам және Дәуір. ҚСЗИ. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://kisi.kz/uploads/33/files/OBiBUMh0.pdf>